

## Жамбыл ауылдық округінің Жамбыл ауылындағы көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Жамбыл ауылдық округі 2017 жылғы 4 мамырдағы № 26 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 маусымда № 3448 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 29 наурыздағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауылдық округі Жамбыл ауылы көшелерінің атаулары өзгертілсін:

Калинин көшесін-Желтоқсан көшесі;

Шоссейная көшесін-Қосқұдық көшесі;

Водоемная көшесін-Жартоған көшесі;

Набережная көшесін-Ақкөл көшесі;

Пионерская көшесін-Қызылқайнар көшесі;

Первомайская көшесін-Ақбұлақ көшесі;

Новая көшесін-Аққайнар көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы К. Кичкенбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*Д. Темир*